

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Менің Отаным Қазақстан

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.10.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/166423/

«Отаным менің-Қазақстан!»

«Құлыншақ» ортаңғы топ

Мақсаты:

Балаларды туған жерін, туған елін, халқын құрметтеуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі- туған Отанды сүюден басталатындығын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

Бүлдіршіндер жүрегінде отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, мемлекетін құрметтей білуге тәрбиелеу.

Ән-Ұран

(Орындарына отырады)

Сұрақ-жауап

-Балалар сендер қандай мемлекетте тұрасыңдар?

— Қазақстан мемлекетінде тұрамыз

-Қазақстан мемлекетінің президенті кім?

-Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

-Сендер қай қалада тұрасыңдар?

-Астана қаласында тұрамыз.

(Слайдқа назар аударту)

Тақпақтар :

1.Құттықтаймын қазағым,

Республика күнімен.

Бар ғаламға танылсын, Тамирис

Әнұраным үнімен.

2.Азаттықтың көк туы,

Желбіресін көгімде. Мұстафа

Бар жақсылық орналсын,

Егемендік елімде.

3. Кенге толы қойнауы

Төлге толы жайлауы Шахнұр

Ол- біздің Қазақстан!

4. Көгінде күн нұрын төккен,

Жерінде гүл жұпар сепкен. Адина

Неткен сұлу, неткен көркем,

Осы менің туған өлкем!

5)Отан - туған жеріміз ,

Сүйіп өскен еліміз . Аңсар

Қасиетті Отанның

Ұланымыз бәріміз

6. Үлкен аға бауырлар ,

Ол біздің Қазақстан .

Отан өлкең , ата - анаң Алиша

Ол біздің Қазақстан

7. Өзіңдікі туыңда,

От пен ауа, суың да. Аруназ

Жаса Қазақстаным,

Белді бекем буында

8.Жаса жаңа Астанам

Өркен жая бастаған

Болашақтың есігін Санжар

Өз қолыңмен аш маған

Би «Мен қазақпын» (ұлдар)

Балалар бүгін бізде ерекше күн, біз бүгін барлық әндерімізді, тақпақтарымызды біздің Отанымызға арнаймыз, өйткені 25- қазан күні Республика күні болып тойланады.

Ұлттық ойын «Шаңырақ» (Қыздармен)

Ұлттық ойын «Арқан тарту» (Ұлдармен)

Би «Қыздар»

Ән «Отан»

Қорытынды ;Балаларды мақтау . (шоколад тарату)

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.